

FTAMP 10.77.31

ӘОЖ 343.2/.7

JEL K15

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2025-1-3-111-121>**УТАНОВ М.А.,¹**

з.ғ.д., доцент.

e-mail: mau_25@mail.ru

ORCID ID: 0009-0005-1119-3818

АУЕШОВА Б.Т.,²

з.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: baueshova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-1449-9941

ТОЙЛЫБЕКОВА Э.О.,³

PhD, қауымдастырылған профессор.

e-mail: elmira-01-1981@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-9301-9626

АБЛАЕВА Э.Б.,^{*4}

з.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

*e-mail: ablaeva_1981@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-3124-1248

¹Жоғарғы сот,

Астана қ., Қазақстан

²Ш. Есенов атындағы Каспий технология

және инжиниринг университеті,

Ақтау қ., Қазақстан

³Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,

Қызылорда қ., Қазақстан

⁴С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ,

Алматы қ., Қазақстан

АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘМІЛЕЛЕР АЛАЯҚТЫҚ ЖАСАУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Андатпа

Мақалада азаматтық-құқықтық мәмілелер Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабында көрсетілген алаяқтықтың құралы ретінде жиі қолданатын жағдайлар қарастырылады. Атап айтқанда, кәсіпкерлік қызмет саласындағы алаяқтықтың аражігін ажырату және шарттық міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау мәселелері көтеріліп, оларды дұрыс шешудің тиімді жолдары іздестіріліп, нақты ұсыныстар жасалады. Зерттеу барысында азаматтық-құқықтық мәмілелер алаяқтық жасаудың тәсілдері ретінде анықталып, алаяқтықтың азаматтық-құқықтық қатынастармен тығыз байланыс мәселелері көтерілді. Тақырыптың өзектілігі, шын мәнінде кәсіпкерлікпен айналыспай, алайда, бөтеннің мүлкін жымқыру мақсатында алаяқтар тауарларды сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету туралы азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау арқылы жәбірленушілерді алдап, олардың сенімін теріс пайдаланып, өздерін алаяқтық үшін көзделген қылмыстық жауаптылықтан жалтаруында. Бөтеннің мүлкін азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасу арқылы заңсыз құқықтық иемдену, алаяқтардың меншік иесін алдап, оның сенімін қылмыстық ойын жүзеге асыру үшін теріс пайдалану оқиғалардың көбеюіне қарамастан, қазіргі таңда азаматтардың алаяқтық туралы арызы не хабары тіркелмеген, олардың негізінде ҚР ҚК-нің 190 бабымен қылмыстық істер ашылмаған және тергелмеген күйінде қалып отыр. Жұмыста шарттық міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау бойынша азаматтық істердің және алаяқтық бойынша қылмыстық істердің сот тәжірибесі зерделенді. Қылмыстық қудалау органдары мен сот қызметінде жіберілетін қателіктер көрініс алды. Сот-тергеу тәжірибесін жақсарту және қылмыстық қудалау органдары мен сот қызметінің тиімділігін арттыру үшін ұсынымдар әзірленді.

Тірек сөздер: азаматтық-құқықтық мәмілелер, алаяқтық, бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау, сенімді теріс пайдалану, пайдакүнемдік қылмыстылық, меншікке қарсы қылмыстар.

Кіріспе

Бүгінгі таңда, алаяқтық жалпы республика бойынша қылмыстылық арасында бірінші орында тұр. Қылмыстылық туралы ресми статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2018–2024 жж. аралығын қамтитын соңғы 7 жылда алаяқтықтың саны артып келеді. Мәселен, тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы есепке назар аударсақ, сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде Қазақстан Республикасында 2018 ж. 29,282 алаяқтық тіркелді, 2019 ж. – 32,286, 2020 ж. – 33,653, 2021 ж. – 41,083, 2022 ж. – 43,499, 2023 ж. – 44,786, 2024 ж. – 45,156. Яғни, 2018 ж. елімізде 29,282 алаяқтық жасалса, бұл алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 1,815 алаяқтықтыққа артқанын көрсетеді. Осыған ұқсас алдыңғы кезеңдерге қарағанда 2019 ж. алаяқтықтың саны 3,004-ке, 2020 ж. 1,367-ге, 2021 ж. 7,430-ға, 2022 ж. 2,416-ға және 2023 ж. 1,287-ке, 2024 ж. 370-ке артты [1]. Әсіресе соңғы 2021–2024 жж. аралығын қамтитын меншікке қарсы қылмыстылық туралы статистикалық мәліметтер соңғы 4 жылда алаяқтықтың өсу тенденциясын атап өтуге мүмкіндік береді.

Өкінішке орай, алаяқтық оқиғаларының саны біздің елімізде күн сайын артып келеді, соның ішінде кәсіпкерлік саласындағы азаматтық құқықтық мәмілелерде көрсетілген шарттық міндеттемелерді алдын ала қасақана орындамаумен ұштасатын алаяқтық жасау тәсілдерін ерекше атасақ дейміз. Әдетте, алаяқтар тауарларды сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету туралы азаматтық-құқықтық сипаттағы келісім-шарттар жасасу арқылы өздерін алаяқтық үшін көзделген қылмыстық жауаптылық пен жазадан қорғауға тырысады. Ол дегеніміз, қазіргі уақытта азаматтық-құқықтық мәмілелер алаяқтық әрекеттерінің басты құралдарына айналғанын көрсетеді.

Осыған орай, сандық және сапалық көрсеткіштері жағынан өзгеріске жеңіл ұшырайтын және ену салаларының әртүрлілігімен өзінше ерекшеленетін меншікке қарсы қылмыстылықтың жекеленген түрлерінің ішінде қылмыстың осы түрі арнайы орын алады. Әсіресе, алаяқтық кәсіпкерлік қағидаттарына, өндіріс құралдарына меншік нысандарының алуан түрлілігі, еркін нарықтық баға белгілеу, мемлекеттің шаруашылық қызметке және экономиканы мемлекеттік реттеуге ең аз араласуымен шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы шарттық қатынастарға негізделген экономикалық жүйе мен ақпараттық технологиялардың дамуы жағдайында күрт өсіп кетті. Біз көріп отырғанымыздай, іскерлік қызмет өрісінің жосықсыз қатысушылары мемлекет тарапынан шағын және орта бизнес экономиканың маңызды секторы ретінде танылып, кәсіпкерлерге жан-жақты қолдау саясаты басымды болуын пайдаланып, теріс пиғылды мінез-құлқымен өздеріне артықшылық алуға ұмтылады.

Азаматтық-құқықтық сипаттағы келісім-шарттар жасасу арқылы жүзеге асырылатын алаяқтықпен күресудің қиындығы оның азаматтық құқықтық қатынастармен ұштасып, алаяқтықты шарттық міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайлардан ажырату болып табылады. Нәтижесінде, кәсіпкерлік қызмет саласындағы іс-әрекеттерге немесе әрекетсіздіктерге дұрыс құқықтық баға берілмей, азаматтардың алаяқтық туралы арызы немесе хабары негізінде қылмыстық қудалау органдары қылмыстық іс қозғаудан бас тартып, оларға азаматтық іс жүргізу тәртібімен соттарға жүгінуге кеңес береді. Тіпті, азаматтық іс бойынша талап қоюшының талаптарын сот толық көлемде қанағаттандырған өзінде де, алданған адамдар жылдар бойы материалдық залал, моральдық зиян және сот шығындарын өндіре алмайды. Ал, жауапкер өзге тұлғаларға қызмет көрсетуін, жұмыстарды орындауын және тауарларды сатуын жалғастыра береді. Осылайша, алданған адамдардың саны артып, алаяқтар қылмыстық жауаптылық пен жазадан оңай құтылады.

Оның үстіне алаяқтық туралы арыз немесе хабарламалардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркеліп, қылмыстық істің қозғалуы еліміздегі қылмыстың жай-күйіне кері әсерін тигізіп, алаяқтықтың көбеюіне әкеліп соғатыны жасырын емес. Ал бұл өз кезегінде қылмыстық қудалау органдарының алаяқтықпен күресу тиімділігіне кері әсерін тигізеді.

Сол себепті осы жұмыста азаматтық-құқықтық мәмілелер жасасу арқылы жасалатын алаяқтықтың теориялық және практикалық мәселелерін қарастырмақпыз.

Материалдар мен әдістер

Ғылыми зерттеу әдістемесі жалпы теориялық және жеке ғылыми зерттеулердің тәжірибелік әдістерін, сондай-ақ арнайы құқықтық әдістерін қамтиды. Эмпирикалық материалдар ретінде меншікке қарсы қылмыстың жай-күйі, алаяқтық туралы 2018–2024 жж. статистикалық деректер, азаматтық-құқықтық мәмілелердің алаяқтық мақсатында пайдаланылған бірнеше азаматтық істер және оларға дәлел болатын 22 эпизодтан тұратын алаяқтыққа қатысты 1 қылмыстық іс қолданды. Практикалық материалдар ретінде ҚР Жоғарғы сотының материалдық және іс жүргізу құқығының нормаларын қолдану мәселелері бойынша түсіндірмелері қарастырылды. Салыстырмалы-құқықтық материал ретінде ресейдің қылмыстық заңнамасы пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылау

Азаматтық-құқықтық мәмілелер мен алаяқтықтың өзіне тән ерекшеліктері мен айырмашылықтары бар, олар бір-бірімен тығыз байланысты болуы мүмкін, себебі азаматтық-құқықтық мәмілелер алаяқтық жасау құралы ретінде қолданылуы мүмкін. Әрине олар құқықтық реттеу саласы, құқықтық салдар, тараптардың әрекеттері және басқа да көптеген аспектілер бойынша бір-бірінен ерекшеленеді. Мәселен, азаматтық-құқықтық мәмілелер құқықтар мен міндеттерді заңды түрде жүзеге асыруға бағытталған, ал алаяқтықтың мақсаты – алдау және басқа тұлғаның есебінен заңсыз пайда табу. Азаматтық-құқықтық мәмілелерді жалпы немесе азаматтық юрисдикциядағы соттарда даулауға болады, олар мүліктік жауаптылықты туындататын азаматтық-құқықтық деликт болып табылады, ал алаяқтық қылмыстық жауаптылыққа тартылатын қылмыстық іс-әрекет болып саналады, ол үшін тіпті бас бостандығынан айыру жазасы да қарастырылған. Азаматтық-құқықтық деликтер азаматтық заңнаманың нормаларымен реттеледі, ал қылмыстық құқық бұзушылықтар қылмыстық заңнаманың. Азаматтық-құқықтық мәмілелерде екі тарап өзара келісім мен адалдық негізінде әрекет етсе, алаяқтықта бір тарап екінші тараптың сенімін алдап, теріс пайдалану ниетімен әрекет етеді, оның мүлкін заңсыз иеленеді.

Сондықтан, ҚР Жоғарғы Соты соттардың назарын пиғылдың пайда болу сәтіне аударады: «алақтықты азаматтық-құқықтық қатынастардан ажырату үшін алаяқтық кезінде кінәлі адамда алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы бөтен мүлікті жымқыруға немесе бөтен мүлікке құқықты иемденуге қатысты пиғыл бөтен мүлікті немесе оған құқық алуды көздейтін шартты жасасқанға дейін және (немесе) сол сәтте туындайтыны ескерілгені жөн» [2].

К.Э. Сетиаван, С.Е. Суварти, Нам Румель шарттық міндеттемелерді орындамау мен қылмыстық алаяқтық арасындағы айырмашылықты заңның қолдану аясынан көреді. Қылмыстық құқық жеке адамдардың қоғамдық өмірдегі мінез-құлқын реттеу үшін қолданылса, азаматтық құқық адамдар арасындағы қатынастарды реттеу үшін. Авторлар міндеттемелерді орындамауды, уақтылы орындамауды немесе міндеттемелерді уақытында, бірақ тиісінше орындамауды азаматтық құқық саласындағы міндеттемелерді орындамаудың нәтижесі деп танып, оларды қылмыстық заң бойынша біреуді алаяқтықпен айыптаумен алмастыруға болмайды деп санайды. Дегенмен, авторлар азаматтық істердің қылмыстық істерге айналып кететін жағдайларды жоққа шығармайды. Оның басты себебі қылмыстық және азаматтық юрисдикциядағы істерді ажырату немесе салыстыру әлі де қиынға соғады, құқық қорғау органдары кейде қылмыстық және азаматтық юрисдикцияларды сұрыптау мен таңдауда қиындықтарға тап болады, өйткені оларда алаяқтық пен дефолт арасындағы заңды шекараға қатысты түсінік жоқ [3, 761 б.].

Керісінше, Эгзонис Хадждари, Фулья Эрлюле шарт міндеттемелік қатынастарды құру, өзгерту немесе тоқтату мақсатында екі немесе одан да көп тараптардың ерік-жігерінің келісімі ретінде анықтай отырып, жағдайлардың едәуір бөлігінде азаматтық құқықтық мәмілелер алдау, қателік және мәжбүрлеуді қоса алғанда, шарттық келісім ақауы болған кезде жасалатынын мәлімдейді [4, 163–164 бб.].

И.А. Киселеваның ойынша, қылмыстық құбылыс ретіндегі алаяқтықтың ерекшелігі – меншік иесінің немесе басқа да мүлік иесінің өз мүлкін кінәліге өз еркімен беруі немесе басқа жолмен иеліктен шығаруы. Қылмыстық жолмен мүлікті иемденіп алған адам мүлікті оның меншігіне заңды түрде беру көрінісін тудыратындай әрекет жасайды. Дәл осындай әрекеттер ба-

рысында алаяқтық жасалады, оны келесідей анықтау керек: шарттық міндеттемелерді қасақана орындамаумен байланысты алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы бөтеннің мүлкін ұрлау немесе оған құқықтарды алу [5, 87 б.].

Р.Н. Шумов дұрыс атап өткендей, «занды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысандарын пайдалану арқылы жасалған алаяқтық жағдайлары жеке қылмыстар емес, жүйелі түрде үстеме пайда алуға бағытталған қылмыстық қызмет» [6, 35 б.].

Дегенмен, ҚР Қылмыстық іс жүргізу заңнамасына енгізілген «жазбаша нысанда жасалған және сот жарамсыз, жалған немесе өтірік деп танымаған азаматтық-құқықтық мәмілелерді орындамауға немесе тиісінше орындамауға негізделген бұзушылықтар жөнінде қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз, хабар немесе баянат тіркелуге жатпайды» [7] деген норма жағдайды одан әрі шиеленістіріп, жаңа қақтығыстар тудырды. Сол себепті азаматтар құқық қорғау органдарына алаяқтық туралы арыздармен немесе хабармен жүгінген кезде, аудандық ішкі істер бөлімі немесе прокуратура оларды сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркеуден бас тартып, олар бойынша қылмыстық істі қозғамайды. Азаматтарға жалпы немесе азаматтық юрисдикция соттарына қаражатты өндіріп алу, келтірілген материалдық залалды және моральдық зиянды өтеу туралы азаматтық талаптармен жүгінуге кеңес береді. Ал, алаяқтық фактісі бойынша қылмыстық іс қозғау үшін азаматтар алдымен мәмілелерді жарамсыз, жалған немесе қулықпен жасалған деп тану туралы азаматтық талап қойып, жалпы және азаматтық юрисдикция соттарына жүгінулері тиіс екендігі түсіндіріледі.

Кей жағдайларда, қылмыстық іс қозғалған күннің өзінде де, қазақстандық зерттеушілер айтқандай, соттар ақтау үкімдерін шығаруда және тараптар арасында азаматтық-құқықтық қатынастардың бар-жоғын анықтау кезінде туындаған жанжалды азаматтық тәртіпте шешуді ұсынады (тіпті тараптардың бірі оған мүлікті беру фактісін жоққа шығарған кезде де) [8, 173 б.].

Құқық қорғау органдарының қызметкерлері азаматтарға мәмілелерді жарамсыз, жалған немесе қулықпен жасалған деп тану туралы талап-арыздарды ұсына отырып, олар ҚР Азаматтық кодексінің 157-бабының 3-бөлігіне және 160-бабының 1-бөлігіне сәйкес мұндай талаптарды тек мүдделі тұлғалар ғана емес, сонымен қатар тиісті мемлекеттік орган, оның ішінде прокурор да қоя алатындығын естен шығарады [9]. Яғни, прокурордың өзі де осындай талап-арыз түрлерімен соттарға жүгіне алады, әсіресе алаяқтық фактісі туралы арыздармен немесе хабармен құқық қорғау органдарына қызмет көрсету, жұмыстарды орындау және тауарларды сату туралы азаматтық-құқықтық мәмілелері бар бірнеше адам жүгінген жағдайларда. Іс жүзінде азаматтарға соттарда мәмілелерді жарамсыз, жалған немесе қулықпен жасалған деп тану оңайға соқпайтыны баршамызға мәлім.

Жалпы ереже бойынша, мұндай талап-арыздармен сотқа жүгінбес бұрын, талапкер жауапкерге талап қою арқылы туындаған дауды сотқа дейінгі немесе соттан тыс реттеу тәртібімен шешуі керек. Бұл ереже сақталмаған жағдайда, ҚР Азаматтық процестік кодексінің 152 бабындағы 1-бөлігінің 1) тармағына сәйкес, судья талап қоюды қайтаруы мүмкін [10]. Өзге жағдайларда, егер талап қоюда көрсетілген талаптар заңды және негізделген болса, онда судья талапкердің талап қою арызын қанағаттандыра алады. Сот тәжірибесі көрсеткендей, жауапкер шешімді ерікті түрде орындаудан жалтарады, содан кейін сот шешімін орындау мәжбүрлі түрде жүзеге асырылып, қаражатты, келтірілген материалдық залалды және моральдық зиянды, сот шығындарын өндіріп алу ұзақ жылдарға созылуы мүмкін, өйткені борышкердің тұрақты жұмыс орны, кірісі, жылжымалы және жылжымайтын мүлкі жоқ.

Біздің пікірімізше, соттардың жіберетін қателіктері азаматтық істі қарау кезінде олар өздеріне берілген конституциялық өкілеттіктер шегінде заңдылықты бұзу жағдайларына тиісті түрде ден қоймайтындығында және қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін байқамайтындығында болып отыр. ҚР Азаматтық процестік кодексінің 270 бабына сәйкес, «заңдылық бұзылған жағдайлар анықталған кезде сот жеке ұйғарым шығаруға және оны жіберуге құқылы, ал егер бұзушылыққа мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілер тарапынан жол берілсе, сот жеке ұйғарым шығарады және оны басқару функцияларын атқаратын тиісті ұйымдарға, лауазымды немесе өзге де тұлғаларға жібереді, олар өздері қолданған шаралар туралы бір ай мерзім ішінде хабарлауға міндетті. Егер істі қарау кезінде сот тараптардың, процеске басқа да қатысушылардың, лауазымды немесе өзге де тұлғаның әрекеттерінен қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін тапса, ол бұл туралы прокурорға хабарлайды» [10].

Әсіресе, мәмілені жарамсыз деп тану туралы азаматтық істі қарастыра отырып, жалпы немесе азаматтық юрисдикция соттары алаяқтық фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеуді ұйымдастыру үшін материалдарды құқық қорғау органдарына жіберу туралы жеке ұйғарым шығаруы әбден мүмкін.

Алайда, біз даулардың осы санаттары бойынша зерттеген азаматтық істер соттардың жеке ұйғарым шығармайтынын және прокурорға хабар жібермейтінін көрсетеді. Бұл ретте, азаматтық жауапкерге қатысты осы даулар бойынша кейіннен алаяқтық фактісі бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 190 бабы негізінде қылмыстық іс қозғалғанына назар аударған жөн.

ҚР Жоғарғы Сотының түсініктемелеріне сәйкес, «соттардың шарттық міндеттемелер кезінде алаяқтық жолмен жымқыруға қатысты пиғылдың болуын адамда қабылданатын міндеттемені орындауға нақты қаржы және өзге де материалдық мүмкіндіктің (материалдық-техникалық жарақтандыру, еңбек ұжымы және т. б.) немесе шарт бойынша міндеттемелерді орындауға бағытталған қызметті жүзеге асыруға қажетті лицензияның, рұқсаттың көрінеу жоқтығы, адамның жалған құрылтай құжаттарын немесе кепілдік хаттарды пайдалануы, мүлік бойынша берешектің немесе кепілдің болуы туралы ақпаратты жасыруы, көрінеу орындалмайтын шарттарды жасасуы және басқа мән-жайлардың жиынтығы анықтауы мүмкін екенін ескергені жөн» [2].

Яғни, жазбаша азаматтық-құқықтық мәмілелер болған жағдайда тұлғаның іс-әрекетіндегі алаяқтықты келесі белгілер көрсетуі мүмкін. Азаматтық-құқықтық мәміле жасасу кезінде адамның өзінің шарттық міндеттемелерін орындауға қаржылық және материалдық мүмкіндіктері (өндірістік цех, құрал-жабдықтар, жұмысшылар, еңбек шарты), тиісті рұқсат құжаттары, қол қою құқығы болмады, жалған құжаттарды пайдаланды, оның жасырған қарыздары болды, ол көрінеу мүмкін емес шарттық міндеттемелерді қабылдады және т.б. Осы жағдайлардың барлығы шарттық міндеттемелерді орындамауға, алаяқтыққа деген алғашқы ниеттің бар екендігін айқын көрсетеді. Аталған белгілер сотқа дейінгі тергеу барысында және сотта анықталуы, зерттелуі және дәлелденуі тиіс.

Ресейлік заң шығарушы қылмыскерлер қолданатын азаматтық-құқықтық мәмілелердің ашықтығы тұрғысынан заңның жетілмегендігін, сондай-ақ сот-тергеу тәжірибесінің теріс нәтижелерін, оның субъектілері осы түрдегі қылмыстарды саралауда өрескел қателіктер жіберетінін, жауаптылықты саралау және жазаны даралау талаптарын толық орындамайтынын ескере отырып, алаяқтықтың жаңа сараланған белгісін енгізді. Атап айтқанда, 03.07.2016 жылғы N 323-ФЗ Федералдық заңымен Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінің 159-бабы 5-бөлікпен толықтырылды: «кәсіпкерлік қызмет саласындағы шарттық міндеттемелерді қасақана орындамаумен байланысты алаяқтық, егер бұл әрекет елеулі зиян келтіруге әкеп соқтырса» [11].

Осыған орай, шарттық міндеттемелерді орындамағаны үшін қаражатты өндіріп алу туралы азаматтық істер мен алаяқтық туралы қылмыстық істер бойынша қазақстандық сот тәжірибесін талдауға салған жөн. Осылайша, тауарларды сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету туралы азаматтық-құқықтық сипаттағы келісім-шарттардан туындайтын азаматтық даулар бойынша 2021–2023 жж. аралығындағы сот тәжірибесі көрсеткендей, «Нұрлан» (аты өзгертілген) есімді азамат бірнеше адамдармен бірлесіп, өздерін жиһаз өндіретін жеке кәсіпкерміз деп таныстырып, көптеген тапсырысшылармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасайды. Мәмілелердің шартына сәйкес, тапсырысшылар жиһаздың 50%–70% алдын ала төлеулері тиіс. Ең қызықтысы, ақшалардың көбісі «Нұрлан» көрсеткен үшінші тұлғалардың есеп шоттарына түседі. Ал, орындаушы тапсырысты 20-25-30 жұмыс күні ішінде өндіріп, жиһаздың қалған 30%–50% алуы тиіс. Көрсетілген мерзімнен кейін орындаушы жиһазды өндірген жоқ. Арада 3-6-12-18 айлар өткен соң, тапсырысшылар жалпы және азаматтық юрисдикция соттарына жүгінеді. Соттардың шешімімен талап қоюшылардың жауапкерден қаражатты өндіріп алу туралы талаптары толық қанағаттандырылды [12]. Әдеттегідей жауапкерлер сот шешімдерін ерікті түрде орындамайды. Жеке сот орындаушылар атқарушылық іс жүргізуді қозғағанмен, борышкерлерден қаражатты өндіріп алу мүмкін емес, өйткені олардың тұрақты жұмыс орны, табысы және өндіріп алуды қолдануға болатын жылжитын не жылжымайтын мүлкі табылмайды.

Бұл жердегі жалпы және азаматтық юрисдикция соттарының жіберген қателігі олардың заңдылық бұзылған жағдайларын анықтамауы және азаматтық істі қарау кезінде жауап-

керлердің немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің әрекеттерінен қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін таппауы болып саналады. Егер де соттар дер кезінде заңдылық бұзылған жағдайларын анықтап, жеке ұйғарым шығарып, прокурордың назарын қылмыстық құқық бұзушылық белгілеріне аударғанда, «Нұрлан» мен оның сыбайластарына қатысты алаяқтық фактісі бойынша қылмыстық іс әлдеқашан қозғалуы әбден мүмкін еді.

Д.Ш. Құсайынов байқағандай, ҚР 2015 жылғы Азаматтық процестік кодексіне азаматтық-құқықтық мәміледе алаяқтық белгілері анықталған кезде соттың алдын ала тергеу органдарына жүгіну құқығы ғана белгіленген, бірақ мұндай міндеттеме белгіленбеген. Осыған байланысты, алаяқтық туралы ақпарат көзі өте сирек әрекет етеді. Бұл ретте сот алаяқтық белгілерін анықтауға енжар әрекет жасайды [13, 124 б.]. Автордың айтып отырғаны бұрын қолданыста болған ҚР 1999 жылғы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 208-бабының 3-бөлігінде қамтылған норма: «Егер ұсынған дәлелдемесі жалған деп танылған адамның әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болса, сот материалдарды сотқа дейінгі тергеп-тексеруге бастамашылық жасау үшін прокурорға жібереді» [14].

Тек 2023 ж. «Нұрлан» мен «Мұрат» есімді азаматқа қатысты ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабы 3-бөлігінің 4-тармағымен 22 эпизодтан тұратын қылмыстық іс қозғалады. Тергеумен анықталғандай, 2021 жылдан бастап, «Нұрлан» мен «Мұхтар» «Азей» және «Мұратханұлы» деген атаулармен жеке кәсіп ашып, Алматы қаласы мен облысында жиһаз жасап-сатумен айналыспақ болған, бірақ жиһаз жасайтын қоймасының жоқтығынан олар тапсырыстарды орындай алмайды. Осыдан кейін айыпталушылар алдын ала сөз байласып, олардың жәбірленушілерді алдап, сенімдерін теріс пайдаланып, мүлікке құқықты иемдену қылмыстық ойлары туып, жеңіл ақша табу мақсатымен, Алматы қаласының Алатау ауданында орналасқан жиһаз жасау қоймасын жалға алып, өздерінің қылмыстық ойларын жүзеге асыру үшін, «Инстаграм» желісінде «Nur-Mebel-Trade» деген сілтеме ашып, түрлі жиһаздардың суреттерін салып, үйге арналған барлық жиһаздарды өндіретіндері туралы жарнама жасап, абоненттік номерді тіркеп қойған. Сонымен қатар, «Нұрлан» мен «Мұхтар» жәбірленушілерді сендіру мақсатында ұялы телефон арқылы «Goggle» парақшасы арқылы, лицензиясыз келісім-шарттарды жүктеп, оған мөрлерін басып, дүкеннен қаламсап, журнал, ұзындық өлшегіш (метр) сатып алған.

Сөйтіп 22 жәбірленушілерден жиһазға тапсырыс алған. Оларға келтірілген материалдық залалдың жалпы сомасы 20 563 000 мыңнан астам. Жәбірленушілердің көбісі «Каспий голд» қосымшасы арқылы ақшаны несиеге алған және бөліп төлеуді рәсімдеген. Сот үкім шығарғанға дейін, айыпталушылар жәбірленушілерге ақшаларын қайтарып, олар жалпы және азаматтық юрисдикция соттарында талап арыздардан бас тартып, екі жақ бір бірімен татуласып, жәбірленушілер Алматы қаласы Алатау аудандық сотын айыпталушыларға жеңіл жаза беруін сұрайды [15]. Алматы қаласы Алатау аудандық сотымен «Нұрлан» мен «Мұхтар» 190-бабы 3-бөлігінің 4-тармағымен кінәлі деп танылып, оларға 3 жыл 6 айға мерзімге бас бостандығын шектеу түріндегі жаза тағайындалады [16].

Уақыт өте, Нұрлан есімді азамат соттылығына қарамастан, әлі күнге дейін өзінің жиһаз жасау жеке кәсібін жалғастырып келеді. Бірақ бұл жолы Нұрлан өзге азаматтардың, соның ішінде өзінің жұбайы мен бауырларының атынан, бірнеше ЖШС пен ЖК тіркетіп, «Инстаграм» желісінде жаңадан «Lux mebel» деген сілтеме ашып, серіктестерімен тапсырыстар қабылдап, тапсырысшылармен азаматтық құқықтық мәмілелерді жасасып, алдын ала 70%-90%-100% ақшаны алады. Сонымен қатар, олардың күдігін тудырмау үшін кейбіреуіне жиһаздың тек жақтауын орнатады. Түрлі сылтауларды себеп етіп, жиһаздардың қасбетін, үстел үстін, аспаптар мен құрал-саймандарын жеткізбейді. Саны 20-ға жуық тапсырысшылар бірлесіп, соның ішінде осы жұмыстың негізгі авторы да, сотқа дейінгі тәртіппен орындаушыға заңды талаптарын қойып, тұрғылықты жерлері бойынша соттарға жүгініп, тіптен аудандық ішкі істер бөлімдеріне алаяқтық фактісі бойынша арыздарын да жазып, қоғамдық резонанс тудыру мақсатында БАҚ-ның өкілдеріне өтініш те жасаған. Ең сорақысы, арыздар тіркелмеген, олардың негізінде ҚР Қылмыстық кодексінің 190 бабымен қылмыстық істер ашылмаған және тергелмеген күйде. Осының салдарынан алданған тапсырысшылардың саны күн сайын артып келеді. Жергілікті полиция қызметіне келетін болсақ, учаскелік полиция қызметкерлері қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу міндеттеріне сай, өз тарапынан сотталғанға тиесілі ешқандай да іс-шаралар қолданбаған. Еске сала кетсек, ҚР Қылмыстық кодексінің 45-ба-

бына сәйкес, соттың үкімімен бас бостандығы шектелген сотталғандар жазаны тұрғылықты жері бойынша қоғамнан оқшауланбай өтейді және де олардың үстінен пробацялық бақылау жүргізіледі.

Қорытынды

Жоғарыда келтірілген азаматтық және қылмыстық істерден көрініп тұрғандай, алдау және сенімге қиянат жасау арқылы жасалған алаяқтық өзінің әрекет нысаны бойынша сыртқы жағынан азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде шарттық міндеттемелерді орындамаумен немесе тиісінше орындамаумен кейбір ұқсастыққа ие. Ал мүлік азаматтық және қылмыстық заңнаманың қорғау объектісі болып табылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, іс-әрекетте алаяқтық белгілерін анықтаудың қиындығы, бір қарағанда, сырт көзге еріктілік пен адалдық талаптарына негізделген заңды түрде жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелердің белгілерінің болуында. Азаматтық-құқықтық мәмілелер мен алаяқтықтың аражігін ажырату тек ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабында қарастырылған қылмыс құрамының белгілері дәлелденбенген жағдайда қажет етіледі. Алаяқтық үшін қылмыстық жауаптылық кәсіпкерлік саласындағы шарттық міндеттемелерді алдын ала немесе кенеттен пайда болған қасақана орындамаумен ұштасқан, тауарларды сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мүмкін еместігі кәсіпкерлерге алдын ала белгілі болған жағдайларда жоққа шығарылмайды. Біздің ойымызша, алдау мен сенімді теріс пайдалану алаяқтықты саралау үшін жеткіліксіз. Алаяқтықты азаматтық-құқықтық мәмілелерден ажырату кезінде оның құрамындағы алдау мен сенімді теріс пайдалану жәбірленушілердің өздері мүлікті ерікті түрде берудің әсерінен болатын мән жағдайлардың рөлін атқаратынын негізге алу қажет. Яғни, бұл жерде жәбірленушіге азаматтық-құқықтық мәміленің өзі сөзсіз әсер етеді.

Біз қылмыстық қудалау органдары азаматтардың кәсіпкерлік саласындағы алаяқтық фактілері туралы өтініштері мен хабарларына тиісті түрде ден қоюы тиіс деп есептейміз. Бұл ретте олар ҚР Қылмыстық-процестік кодекстің ережелерімен ғана шектелмей, сондай-ақ ҚР Жоғарғы Сотының алаяқтық істері бойынша сот практикасы мәселелері жөніндегі түсіндірмелерін басшылыққа алуы қажет. Өз кезегінде, соттар қаражатты өндіріп алу, шығынды өтеу, азаматтық-құқықтық мәмілелерді жарамсыз, жалған немесе өтірік деп тану туралы азаматтық талап-арыздар бойынша істерді қарау кезінде тараптар мен өзге де тұлғалардың, оның ішінде мемлекеттік қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың әрекеттерінен қылмыстық құқықбұзушылық құрамының белгілерінің бар-жоғына назар аударуы тиіс. Егер ондай белгілер анықталған жағдайда, бұл туралы дереу прокурорға хабарлауы қажет.

Кәсіпкерлік қызмет саласындағы азаматтық-құқықтық мәмілелер түрінде жасырылған алаяқтықпен күрес тұрғысынан ең үлгілі заңнамалық тәжірибе – Ресейдің тәжірибесі. Ол Қылмыстық кодексінде кәсіпкерлік қызмет саласындағы алаяқтық үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту мүмкіндігін көздейді. Бұл тәжірибені зерделеп, өзімізге үлгі етуге тұрарлық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 2018–2024 жылдар кезеңіндегі Қазақстан Республикасындағы қылмыстың жай-күйі туралы статистикалық деректер. Құқық қорғау органдары қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы ақпарат. Қол жетімділік «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесімен қамтамасыз етілген. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000006S> (өтініш берілген күн: 25.05.2025)

2 Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы № 6 нормативтік қаулысы. URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/indicators> (өтініш берілген күн: 25.05.2025)

3 Setiawan C.E., Suwanti Nam Rumkel Analysis of Fraud in Civil on Agreements Resulting in Default // Journal of Social Science. 2021, no. 2(6), pp. 760–770.

4 Egzonis Hajdari, Fulya Erlüle. Elements, Types and Consequences of Fraud according to Obligation Law – A comparative approach between legislation in Turkey and Kosovo // International Comparative Jurisprudence. 2018, no. 4(2), pp. 163–177.

5 Киселева И.А. Критерии разграничения мошенничества в сфере предпринимательской деятельности и гражданско-правового деликта // Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. – 2013. – № 3(2). – С. 87–90.

6 Шумов Р.Н. Мошенничество в сфере аренды жилья // Юрист. – 2003. – № 3. – С. 35–40.

7 Қылмыстық-процестік кодекс. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ заңы. Қол жетімділік «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесімен қамтамасыз етілген. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (өтініш берілген күн: 25.05.2025)

8 Смаилова И.М. К вопросу о межотраслевой конкуренции уголовного и гражданского законодательства при квалификации мошенничества // Вестник Института законодательства Республики Казахстан. – 2012. – № 3(27). – С. 170–175.

9 Азаматтық кодекс. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII заңы. Қол жетімділік «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесімен қамтамасыз етілген. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (өтініш берілген күн: 25.05.2025)

10 Азаматтық процестік кодекс. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ заңы. Қол жетімділік «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесімен қамтамасыз етілген. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377> (өтініш берілген күн: 26.05.2025)

11 «О внесении изменений в Уголовный кодекс Российской Федерации и Уголовно-процессуальный кодекс Российской Федерации по вопросам совершенствования оснований и порядка освобождения от уголовной ответственности»: Федеральный закон от 03.07.2016 N 323-ФЗ. Доступ предоставлен информационно-поисковой системой «Консультант Плюс». URL: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_200696/ (дата обращения: 26.05.2025)

12 Решение Алатауского районного суда города Алматы от 10 мая 2023 года по гражданскому делу № 7575-23-00-2/621 о взыскании денежных средств: судебные акты. Доступ предоставлен единым окном «Судебный кабинет» для доступа к электронным сервисам судебных органов Республики Казахстан. Режим доступа: для зарегистрированных пользователей. URL: <https://office.sud.kz/new/> (дата обращения: 30.05.2025)

13 Кусаинов Д.Ш. Особенности первоначального этапа расследования мошенничества в сфере жилищных отношений // Вестник института законодательства Республики Казахстан. – 2015. – № 1(37). – С. 122–127.

14 Азаматтық процестік кодекс. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі N 411 Заңы. Қол жетімділік «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесімен қамтамасыз етілген. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000411> (өтініш берілген күн: 30.05.2025)

15 Определение Жетысуского районного суда города Алматы от 17 октября 2023 года по гражданскому делу № 7515-23-00-2/2294 о возвращении искового заявления: судебные акты. Доступ предоставлен единым окном «Судебный кабинет» для доступа к электронным сервисам судебных органов Республики Казахстан. Режим доступа: для зарегистрированных пользователей. URL: <https://office.sud.kz/new/> (дата обращения: 30.05.2025)

16 Алматы қаласы Алатау аудандық сотының 2023 жылғы 30 қазандағы № 7575-23-00-1/225 қылмыстық ісі бойынша үкімі: сот актілері. Қол жетімділік «Сот кабинеті» Қазақстан Республикасы сот органдарының электрондық сервистеріне қол жеткізуге арналған бірыңғай терезесімен қамтамасыз етілген. Кіру режимі: тіркелген қолданушылар үшін. URL: <https://office.sud.kz/new/> (өтініш берілген күн: 30.05.2025)

REFERENCES

1 2018–2024 жылдар кезеңіндегі Қазақстан Республикасындағы қылмыстың жай-күйі туралы статистикалық деректер. Құқық қорғау органдары қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы ақпарат. Қол жетімділік «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесімен қамтамасыз етілген. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000006S> (өтініш берілген күн: 25.05.2025). (In Kazakh).

2 Алашақтық туралы істер бойынша сот практикасы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы № 6 нормативтік қаулысы. URL: <https://qamqor.gov.kz/crimestat/indicators> (өтініш берілген күн: 25.05.2025). (In Kazakh).

3 Setiawan C.E., Suwarti Nam Rumkel (2021) Analysis of Fraud in Civil on Agreements Resulting in Default // Journal of Social Science, no. 2(6), pp. 760–770. (In English).

4 Egzonis Hajdari, Fulya Erlüle (2018) Elements, Types and Consequences of Fraud according to Obligation Law – A comparative approach between legislation in Turkey and Kosovo // *International Comparative Jurisprudence*, no. 4(2), pp. 163–177. (In English).

5 Kiseleva I.A. (2013) Kriterii razgranicheniya moshennichestva v sfere predprinimatel'skoj dejatel'nosti i grazhdansko-pravovogo delikta // *Vestnik Nizhegorodskogo universiteta im. N.I. Lobachevskogo*. No. 3(2). P. 87–90. (In Russian).

6 Shumov R.N. (2003) Moshennichestvo v sfere arendy zhil'ja // *Jurist*. No. 3. P. 35–40. (In Russian).

7 Qylmystyq-prosestik kodeks. Qazaqstan Respublikasynyñ 2014 jylğy 4 şildedegı No. 231-V QRZ zañy. Qol jetımdılık «Ädilet» aqparattyq-qūyqytyq jüiesimen qamtamasyz etilgen. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (ötiniş berilgen kün: 25.05.2025). (In Kazakh).

8 Smailova I.M. (2012) K voprosu o mezhotraslevoj konkurencii ugovnogo i grazhdanskogo zakonodatel'stva pri kvalifikacii moshennichestva // *Vestnik Instituta zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan*. No. 3(27). P. 170–175. (In Russian).

9 Azamattyq kodeks. Qazaqstan Respublikasynyñ 1994 jylğy 27 jeltoqsandağy No. 268-HIII zañy. Qol jetımdılık «Ädilet» aqparattyq-qūyqytyq jüiesimen qamtamasyz etilgen. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (ötiniş berilgen kün: 25.05.2025). (In Kazakh).

10 Azamattyq prosestik kodeks. Qazaqstan Respublikasynyñ 2015 jylğy 31 qazandağy No. 377-V QRZ zañy. Qol jetımdılık «Ädilet» aqparattyq-qūyqytyq jüiesimen qamtamasyz etilgen. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377> (ötiniş berilgen kün: 26.05.2025). (In Kazakh).

11 «O vnesenii izmenenij v Ugolovnyj kodeks Rossijskoj Federacii i Ugolovno-processual'nyj kodeks Rossijskoj Federacii po voprosam sovershenstvovaniya osnovanij i porjadka osvobozhdeniya ot ugovnoj otvetstvennosti»: Federal'nyj zakon ot 03.07.2016 No. 323-FZ. Dostup predostavljen informacionno-poiskovoj sistemoj «Konsul'tant Pljus». URL: https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_200696/ (data obrashheniya: 26.05.2025). (In Russian).

12 Reshenie Alatau skogo rajonnogo suda goroda Almaty ot 10 maja 2023 goda po grazhdanskomu delu No. 7575-23-00-2/621 o vyzskanii denezhnyh sredstv: sudebnye akty. Dostup predostavljen edinyim oknom «Sudebnyj kabinet» dlja dostupa k jelektronnym servisam sudebnyh organov Respubliki Kazahstan. Rezhim dostupa: dlja zaregistrovannyh pol'zovatelej. URL: <https://office.sud.kz/new/> (data obrashheniya: 30.05.2025). (In Russian).

13 Kusainov D.Sh. (2015) Osobennosti pervonachal'nogo jetapa rassledovaniya moshennichestva v sfere zhilishhnyh otnoshenij // *Vestnik instituta zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan*. No. 1(37). P. 122–127. (In Russian).

14 Azamattyq prosestik kodeks. Qazaqstan Respublikasynyñ 1999 jylğy 13 şildedegı No. 411 Zañy. Qol jetımdılık «Ädilet» aqparattyq-qūyqytyq jüiesimen qamtamasyz etilgen. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000411> (ötiniş berilgen kün: 30.05.2025). (In Kazakh).

15 Opredelenie Zhetysuskogo rajonnogo suda goroda Almaty ot 17 oktjabrja 2023 goda po grazhdanskomu delu No. 7515-23-00-2/2294 o vozvrashhenii iskovogo zajavleniya: sudebnye akty. Dostup predostavljen edinyim oknom «Sudebnyj kabinet» dlja dostupa k jelektronnym servisam sudebnyh organov Respubliki Kazahstan. Rezhim dostupa: dlja zaregistrovannyh pol'zovatelej. URL: <https://office.sud.kz/new/> (data obrashheniya: 30.05.2025). (In Russian).

16 Almaty qalasy Alatau audandyq sotynyñ 2023 jylğy 30 qazandağy No. 7575-23-00-1/225 qylmystyq ısı boıynşa ükıımı: sot aktılerı. Qol jetımdılık «Sot kabinetı» Qazaqstan Respublikasy sot organdarynyñ elektrondyq servisterine qol jetkızuge arnalğan bırıñğai terezesimen qamtamasyz etilgen. Kıru rejımı: tırkelgen qoldanuşylar üşın. URL: <https://office.sud.kz/new/> (ötiniş berilgen kün: 30.05.2025). (In Kazakh).

УТАНОВ М.А.,¹

д.ю.н., доцент.

e-mail: mau_25@mail.ru

ORCID ID: 0009-0005-1119-3818

АУЕШОВА Б.Т.,²

к.ю.н., ассоциированный профессор.

e-mail: baueshova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-1449-9941

ТОЙЛЫБЕКОВА Э.О.,³

PhD, ассоциированный профессор.

e-mail: elmira-01-1981@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-9301-9626

АБЛАЕВА Э.Б.,^{*4}

к.ю.н., ассоциированный профессор.

*e-mail: ablaeva_1981@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-3124-1248

¹Верховный суд,

г. Астана, Казахстан

²Каспийский университет технологии

и инжиниринга имени Ш. Есенова,

г. Актау, Казахстан

³Кызылординский университет им. Коркыт Ата,

г. Кызылорда, Казахстан

⁴КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова,

г. Алматы, Казахстан

ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВЫЕ СДЕЛКИ КАК СРЕДСТВО СОВЕРШЕНИЯ МОШЕННИЧЕСТВА

Аннотация

В статье рассматриваются частые случаи использования гражданско-правовых сделок в качестве средства мошенничества, предусмотренного статьей 190 Уголовного кодекса Республики Казахстан. В частности, поднимаются вопросы разграничения мошенничества в сфере предпринимательской деятельности и неисполнения или ненадлежащего исполнения договорных обязательств, изыскиваются эффективные пути их правильного решения, вырабатываются конкретные предложения. В ходе исследования, определяя гражданско-правовые сделки средствами совершения мошенничества, подняты проблемы тесной связи мошенничества с гражданско-правовыми отношениями. Актуальность темы заключается в том, что, в действительности не занимаясь предпринимательством, с целью хищения чужого имущества и во избежание уголовной ответственности за мошенничество, мошенники обманывают потерпевших и злоупотребляют их доверием посредством заключения гражданско-правовых договоров купли-продажи товаров, выполнения работ, оказания услуг. Несмотря на рост случаев незаконного завладения чужим имуществом путем заключения гражданско-правовых сделок, обмана собственника мошенниками и злоупотребления его доверием для осуществления своих преступных намерений, в настоящее время заявления либо сообщения граждан о мошенничестве продолжают оставаться незарегистрированными, уголовные дела невозбужденными и нерасследованными по статье 190 УК РК. В работе изучена судебная практика по гражданским делам о неисполнении или ненадлежащем исполнении договорных обязательств и по уголовным делам о мошенничестве. Отражены ошибки, допущенные в деятельности органов уголовного преследования и суда. Разработаны рекомендации для улучшения судебно-следственной практики и повышения эффективности деятельности органов уголовного преследования и суда.

Ключевые слова: гражданско-правовые сделки, мошенничество, хищение чужого имущества, обман, злоупотребление доверием, корыстная преступность, преступления против собственности.

UTANOV M.A.,¹

d.l.s., associate professor.

e-mail: mau_25@mail.ru

ORCID ID: 0009-0005-1119-3818

AUESHOVA B.T.,²

c.l.s., associate professor.

e-mail: baueshova@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-1449-9941

TOILYBEKOVA E.O.,³

PhD, associate professor.

e-mail: elmira-01-1981@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-9301-9626

ABLAEVA E.B.,*⁴

c.l.s., associate professor.

*e-mail: ablaeva_1981@mail.ru

ORCID ID: 0009-0002-3124-1248

¹Supreme Court,

Astana, Kazakhstan

²Caspian University of Technology and
Engineering named after Sh. Yessenov,

Aktau, Kazakhstan

³Korkyt Ata Kyzylorda University,
Kyzylorda, Kazakhstan

⁴KazNMU named after

S.D. Asfendiyarov,

Almaty, Kazakhstan

CIVIL LAW TRANSACTIONS AS A MEANS OF COMMITTING FRAUD

Abstract

The article discusses the most frequently used cases of civil transactions as a means of fraud specified in Article 190 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. In particular, the issues of distinguishing between fraud in the field of entrepreneurial activity and non-fulfillment or improper fulfillment of contractual obligations are raised, effective ways to solve them correctly are sought, and specific proposals are made. In the course of the study, civil law transactions were identified as ways to commit fraud, and the issues of the close relationship of fraud with Civil Law relations were raised. The relevance of this topic lies in the fact that, without actually doing business, but with the aim of embezzlement of other people's property, fraudsters deceive victims by concluding civil law contracts for the sale of goods, the performance of work, the provision of services, abuse their trust and evade criminal liability and punishment provided for fraud themselves. Despite the increasing number of cases of illegal legal appropriation of other people's property through the conclusion of civil law contracts, deception of the owner by fraudsters and abuse of his trust for the implementation of a criminal game, at the moment there are no complaints or reports of citizens about fraud, on the basis of which criminal cases under Article 190 of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan remain unsolved and not investigated. The work examined the judicial practice of civil cases for non-fulfillment or improper performance of contractual obligations and criminal cases for fraud. Mistakes made in the activities of criminal prosecution bodies and the court were reflected. Recommendations have been developed to improve forensic investigative practice and improve the efficiency of criminal prosecution bodies and the court.

Keywords: civil law transactions, fraud, embezzlement of other people's property, deception, abuse of trust, mercenary criminality, crimes against property.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 14.07.2025